Сырғыма

Сырғыма – өзінің салмағы әсерінен және беткейдегі жыныстардың артық ылғалдануы, сейсмикалық тербелістер және т.б. үрдістер әсерінен таулы жыныс массаларының беткей бойынша сырғуы.

Сырғыма туындаудың себептері.

Табиғи:

- табиғи құламалықтан артық бұрыш, беткейлердің тіктілігі;
- беткейлердің артық ылғалдануы, шайылуы;
- қатты жыныстардың желге мүжілуі;
- жыныстарды жарықшақтармен қию;
- сазды және құмды-қиыршық тасты жыныстардың кезектесуі;
- грунтта батпақ, құм, мұздың болуы;
- жер сілкінісі.

Антропогендік (адам іс-әрекетімен):

- тау беткейіндегі ормандардың, бұталардың кесілуі;
- жолдардың бұзылуы, траншейлер мен каналдар салу;
- беткейлерде түрлі нысандардың құрылысы;
- жарылыс жұмыстары;
- беткейлерді жырту;
- беткейлердегі бақшаларды мөлшерсіз суару;
- жер асты суларының шығатын жерінің бітелуі;
- су құбырлары және канализация жүйесін қалпына келтірмеуден беткейлердің ылғалдануы.

Сырғыма болу белгілері:

- үйдің есік және терезелерінің берік жабылуы;
- үйдің қабырға сылақтарында және іргетасында жарықшақтардың байқалуы.;
-жердің үстіңгі бетінде тротуарларда, жолдарда сызаттардың байқалуы;
- беткейлердің астында жер кеуіп қалады, жер асты суларының жаңадан шығу жолдары ашылады, дуалдар мен ағаштардың жылжуы байқалады;
- гүріл естіледі және даусы артады.

Егер нысан(тұрғын үй, саяжай) таулы жерде орналасса, ескеріңіз:

- сырғыманың қауіпті белгілерін білу;
- құрылыс жүргізуде немесе телімді кеңейту кезінде мамандардан ұсыныстар алу;
- аумақтағы айқындалған сызаттар, жылжулар, грунттардың артық ылғалдануы, су құбыр жолдарының техникалық ақаулары, кәріз құбыры, су ажыратқыш желілері туралы үнемі шолу жұмыстарын жасау.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Беткей еңістігі 15° асқан жағдайда сел тасқындарынан, опырылым және сырғымадан қорғану бойынша арнайы шараларсыз ғимараттар құрылысы жүргізілмейді.
(СНиП РК 2.03.-30-2006 ж.)

Сырғыма белгілерін байқаған жағдайда

ТЖМ бөлімдері мен тиісті органдарына жағдайды хабарлаңыз. Қауіпті аймақтан эвакуация жасалғанша барлық қауіпсіздік шараларын қолданыңыз. Сырғыма жүруіне қарсы алдын-алу шараларының өз уақытында жасалмауы адам өліміне алып келуі мүмкін.

Қатерге бейім аумақта тұратындар үшін міндеттемелер мен әрекеттер:

- электр құрылғыларын, су құбырларын, газ беруді ажырату.
- тез жанатын және улы заттарды үйден алыс әкету. Қауіпті орыннан қауіпсіз орынға кету.
- қауіпті аймаққа адамдардың кіруіне тыйым салу.

Су тасқыны

Су тасқыны - қарқынды, су деңгейінің салыстырмалы қысқа мерзімді көтерілуі. Жылымықта қардың күшті жауындармен, кейде ерумен қалыптасады.

Су тасу – бұл жылдың бір мезгілінде жыл сайын қайталанып отыратын өзендердің өз арнасынан шығып тасуы және жазық өзендердің су жүрісінің көктемде, қар еруден болатын, судың биік әрі ұзақ көтерілуі, сондай-ақ таулы аудандардан бастау алатын өзендердегі мұздардың көктемгі-жазғы еріп тасуы.

Су басу- гидрологиялық құбылыстың қауіпті түрі болып табылады. Су басу Қазақстандағы үлкен жазықтықтағы ірі өзендерде мерзімді байқалатын және материалдық шығын әкелетін, үлкен көлемді қамтитын табиғи апаттардың ішіннен бірінші орынды алады. Адам өлімі және материалдық шығын саны жағынынан су басу жер сілкінісінен кейінгі екінші орынды иеленеді.

Қауіпсіздік шаралары:

1. Таулы аймақтардың жағдайы туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан хабарларды үнемі бақылаңыз.
2. Егер өзен алабының жоғарғы жағында қарқынды нөсер жаңбыр байқалса, таудан кетіңіз. Жоғары жағында көл байламдары бар сел қауіпті арнаға жақын жерде демалуға тоқтамаңыз және шатырлы лагерь құрмаңыз.
3. Тік құздар мен тік беткейлерге жақын тоқтамаңыз, өйткені су тасқыны кезіндегі шайқалудан ол жерлерде тас жауу немесе опырылым болуы мүмкін.
4. Су тасқынының белгілерін байқаған жағдайда тез арада арнадан таулы беткейлермен жоғары қарай кетіңіз

Жақындап қалған су тасқынынан елді-мекендерді құлақтандыру кезінде, сонымен қатар тасқынның алғашқы белгілерінде ғимараттан тезірек кетіңіз, айналаңыздағыларға ескертіп қауіпсіз жерге шығыңыз. Өрт туындамауы үшін үйден шығарда пешті өшіріп, газ крандарын бекітіңіз, жарықты сөндіріңіз және электр құрылғыларын өшіріңіз.

Су тасқыны қауіпті өзен арнасына жақын жерде тұратын және жұмыс істейтін тұрғындардың, **112** қызметі жіберген хабарламаларын мұқият тыңдаңыз. Су тасқынының қаупі жайлы дабылдар (құлақтандыру) бойынша өзіңізбен бірге құжаттар мен құнды заттарды алып, алдын ала белгіленген маршрут бойынша қауіпсіз жерге эвакуацияны жүзеге асырыңыз.

Әрбір адам өздігінше нақты шараларды жасауды білу керек, оның ішінде:

- жедел медициналық көмек, өр сөндіру және апаттық қызметтер, жекеменшік пәтерлер коорпоративі (ЖПК), ТЖ бойынша аудан бөлімінің телефондары және мекен-жайлары туралы ақпаратты;
- апат болған аймақтың ішінде, сондай-ақ апаттан соң отбасы мен көршілердің бірге әрекеттесу жоспарын жасауда жақын таныс-туыстардың тегін, мекен-жайларын, телефондарын білу, әрбір отбасы мүшесі (әсіресе балалар) үйге қайту мүмкіндігі болмаған жағдайда қайда бару керектігін білу керек.

ЕСКЕРТУ!

Су тасқыны жүру кезіндегі жағдайда, оның қайталанбайтынына көз жеткізген кезде, іздестіру жұмыстарын бастап, зардап шекккендерді шығаруға, алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге, жолды тазалауға кіріс. Құтқару қызметінің барлық қағидаларын орындау қажет.

САҚ БОЛЫҢЫЗ СЕҢ ЖҮРУ!

Іле, Жетісу, Күнгей Алатауы тау жоталарының өзендерінде, Алматы облысының өзендерінде жыл сайын қысқы уақытта сең жүріп біраз шығын келтіреді. Мұндай ағындар қыста 1 рет, кейде 3-5 рет болуы мүмкін.

Сең - ағынмен бойлай бітелген су бетінде қалқып жүрген су ішілік мұз. Сең су тасқынының ішкі және беттік бөлігінде қозғалыста болған жағдайда – мұзды сулы тасқын (сең жүру), ал қозғалыссыз жағдайда – мұз астылық сең бола алады. Өзендерде мұз астында сеңнің көп мөлшерде жинақталуы сеңнің тоқтауына әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде су деңгейінің көтерілуіне әкеп соғады, кейде мұз кептелісін тудырады.

Сең жүру - пластикалық формадағы кристаллдардан тұратын борпылдақ массаның, яғни суішілік мұздың ағыспен тасымалданып, су тасқынының бетінде қалқып жүретін қозғалысы. Сең жүру мұз құрсаудан бұрын, сонымен қатар қыста өзеннің қатпайтын шоңғалды тұстарында пайда болады. Сең жүруде мұз кептелісіндегі, жағалық, су түбіндегі мұздар, құмдар және жеке тастар да қатар жүреді. Су өтімі 200 $м^3/с$, кей жағдайларда одан да артық мөлшерге жетеді.

Сипаттамасы мұзды сулы тасқын (сең жүру) шарттары ауа-райы жағдайы, ағынның гидравликалық құрылымы және арнаның морфологиялық ерекшеліктері арқылы анықталады. Негізінен қатты аяздардан соң болатын жылымықтарда және жауын-шашындар түскенде қалыптасады.

Сең жүрудің қалыптасуында және жүріп өтуінде антропогендік(адам іс-әрекетінің) факторлар үлкен ықпалын тигізеді. Тіпті түрлі мақсаттардағы гидротехникалқы имараттар сең жүрудің қалыптасу үрдістерін күшейтуі мүмкін. Жазғы маусымда сел құбылыстары тудыратын қауіптілікті төмендету мақсатындағы тұрақтандырғыш имараттардың болуы қысқы маусымда сең жүруді қалыптастыруда көбінесе белсенділік қызметін атқарады.

Мұзды сулы тасқын (сең жүру) жүріп өтуі кезіндегі сипаттамалар немесе оның қалыптасу қаупін төмендету үшін негізінен өзен арнасын қалыптасқан мұздардан тазарту секілді алдын-алу шаралары жүргізіледі. Оларды өз уақытында және ұқыпты жүргізу мұзды сулы тасқындары (сең жүру) жүруін толығымен болдырмауға мүмкіндік береді. Толығымен жоспарланбаған тазарту жұмыстарын ұйымдастыру жағдайды шиеленістіруі мүмкін.

Типтік сең жүру құбылыстары тәуліктің екінші жартысында, әсіресе кешкі, түнгі уақыттарда жүреді.

Қауіпсіздік шаралары:

1. Өзен арнасындағы мұзды құбылыстарды тұрақты қадағалау керек.
2. Өзен арнасының жанында балалар ойнауына және болуына рұқсат бермеу керек.
3. Адамдардың топтасуын ұйымдастырмау керек.
4. Қауіпті кезде өзен арнасы арқылы өткенде сақ болыңыз, өзен арнасының жоғарғы ағысына назар аударыңыз, Өзеннен тезірек өту керек.
5. Өзен арнасының жанына тоқтамау керек.
6. Тасқынның белгілерін байқаған жағдайда (су деңгейінің көтерілуі, лайланудың ұлғаюы, мұз кесектері санының артуы) тезірек арнадан алыс кету керек.
7. Сел қауіпті, су тасқыны қауіпті өзен арналарының жанында тұратын және жұмыс істейтін халыққа, **112** қызметі жіберген хабарламаларын мұқият тыңдаңыз.

Ескерту!

Өзен арнасына жақын жерде барлық сақтық шараларын сақтаңыз.

Қар көшкіні

Қар көшкіні – тау беткейлеріндегі қар және мұздықтардың қозғалуы, жылдам төмен қарай сырғуы. Олар адам өміріне қауіп төндіреді және табиғи қоршаған орта мен экономикаға шығын әкеледі.

Қар көшкіні елді-мекендерге, спорттық-демалыс кешендерге, темір жол және автокөлік жолдарына, электр тарату желілеріне және басқада нысандар мен қауіпті аймақтарда орналасқан иммараттарға жиі қауіп төндіреді.

Қар көшкінін қалыптастырушы факторлар:

- қар жамылғысының биіктігі;
- қар тығыздығы;
- қарқынды қар жауу;
- қар жамылғысының шөгуі;
- қар жамылғысының және ауа температурасының өзгеру режимі;
- қарлы бораннан пайда болған қар жамылғысы.

Қар көшкінінің жүруі жауын-шашынның болмауынан, ауа райының жылынуы әсерінен қардың қарқынды еруінен, күн радиациясының және қайта кристалдану процестерінен, қардың қалыңдығы және жұмсақ мардымсыз жеке қабаттарының қиратушы күшінің салдарынан болуы мүмкін.

Қар көшкінінің қалыптасуы қар көшкінінің қозғалатын беткей аймағының етегі болып келетін, қар көшкіні ошағында пайда болады.

Республикамызда қар көшкіні қауіпті кезең желтоқсан айынан сәуір айы аралығында жүреді.

Алайда, кейбір жылдары қар көшкіндерінің алғашқысы қарашада, сонғы уақытты мамыр айында жүреді. Ал, гляциалды аймақтарда қар көшкіні жыл бойы сақталады. Қар көшкінінің жиі жүруі себебі - қарқынды қар жауу, сондай-ақ жылымық және көктемгі қар еруі мен адамның және жануарлардың әсерінен болады.

Қорғау іс-шаралары ретінде бұл аумақтарды қар көшкінінің қауіптілігіне болжам жасау қолданылады.

Қар көшкіні қауіпті кезеңінде халықтар мен автокөліктерді қар көшкінінен дәл уақытысында қорғау үшін шектеулер қолднылады.

Қар көшкіні қауіпті кезеңінде қауіпті аймақтарға жүруге болмайды, кейбір жағдайларда рұқсат етілмейді немесе блокпостармен тыйым салынады.

Қажеттілікке байланысты қар көшкінін алдын-ала түсіру жарылыс жұмысының көмегімен жүргізіледі.

Қар көшкінінен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін инженерлік қорғау имараттарының құрылыстары қарастырылған (қар көшкінен қорғайтын торлар, қалқандар, галериялар, қабырғалар және т.б).

ЕСКЕРТУ!

1. Құзырлы органдардың ескертілген ақпараттарын елемей қалмаңыз, **112** қызметі жіберген хабарламаларын мұқият тыңдаңыз.
2. Таулы аймақтардың жағдайы туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан хабарларды үнемі бақылаңыз.
3. Қар көшкіні қауіпті жерлерде демалуға тоқтамаңыз.
4. Қар көшкіні қауіпті жерлерде жүргенде өте мұқият болыңыз.

ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Қар көшкініне жару жұмыстарын жүргізу кезіндегі қар көшкіні қауіпті беткейдегі адамдардың болуы немесе аймақ шекарасына өтуіне қатаң тыйым салынады.

Сел тасқыны

Сел тасқыны – таулы жерлерде көп таралған жойқын қиратушы күшке ие болатын қауіпті апаттық құбылыс.

Сел қаупі туындауының белгілері:

- қарқынды және ұзақ уақыт нөсер жаңбырдың жауы;
- сел қауіпті өзеннің бастауындағы мұздықтық көлдер мен олардың ақтарылу қаупін туғызатын ауа температурасының кенеттен және ұзақ уақытқа көтерілуі;
- өзендегі су деңгейінің кенеттен төмендеуі немесе көтерілуі, су лайлылығының артуы.

Қауіпсіздік шаралары:

1.Таулы аймақтардың жағдайы туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан хабарларды үнемі бақылаңыз.
2.Егер сел қауіпті арнаның жоғарғы жағында қарқынды нөсер жаңбыр байқалса сел қауіпті арнадан кетіңіз. Жоғары жағында көл байламдары бар сел қауіпті арнаға жақын жерде демалуға тоқтамаңыз және шатырлы лагерь құрмаңыз.
3. Қозғалыстағы сел тасқындарына 50-70 метрден жақын бармаңыз.
4. Тік құздар мен тік беткейлерге жақын тоқтамаңыз, өйткені сел жүрісі кезіндегі шайқалудан ол жерлерде тас жауу немесе опырылым болуы мүмкін.
5. Сел арнасы бойынша қозғалыс кезінде адамдардың арасы 20-30 метр қашықтықты құрауын қадағалаңыз.
6. Сел тасқынының белгілерін байқаған жағдайда тез арада арнадан таулы беткейлермен жоғары қарай кетіңіз.
7. Сел толқыны өткеннен соң сел арнасына түспеңіз.

Жақындап қалған сел тасқынынан елді-мекендерді құлақтандыру кезінде, сонымен қатар тасқынның алғашқы белгілерінде ғимараттан тезірек кетіңіз, айналаңыздағыларға ескертіп қауіпсіз жерге шығыңыз. Өрт туындамауы үшін үйден шығарда пешті өшіріп, газ крандарын бекітіңіз, жарықты сөндіріңіз және электр құрылғыларын өшіріңіз.

Сел қауіпті өзен арнасына жақын жерде тұратын және жұмыс істейтін тұрғындардың, **112** қызметі жіберген хабарламаларын мұқият тыңдаңыз. Сел тасқынының қаупі жайлы сигналдар (құлақтандыру) бойынша өзіңізбен бірге құжаттар мен құнды заттарды алып, алдын ала белгіленген маршрут бойынша қауіпсіз жерге эвакуацияны жүзеге асырыңыз. Қозғалыс маршруты және жинақталу пункті ТЖ бойынша аудандық бөлімдерде және тұрғылықты жер бойынша ЖПК-да нақтылануы керек.

Сел тасқын қаупі төнгенде немесе туындағанда қауіпсіздік ережелері

Егер үй қауіпті зонада орналасқан болса алдын-ала эвакуация кезінде алып кететін құжаттар тізімін, заттарды және дәрі-дәрмектерді дайындаңыз. Арнайы қапшық (шабадан) құнды заттарды, жылы киімдерді, азық-түлік қорын, су және дәрі-дәрмектерді салып қойыңыз. Кенеттен сел болғанда немесе басталғанда өзіңізбен жылы киімдерді алып, жергілікті жер бедерінің ең биік нүктесіне қарай көтеріліңіз. Алдын-ала эвакуация кезінде үйден шығар кезде электр, газ және су құбырларын өшіріңіз. Есік, терезе және ауа тазартқыш саңылауларды нықтап бекітіңіз. Сел жүріп өткеннен кейін сел жүрісінің қайталануынан, беткейлердің сырғуынан, зақымдалған және иілген электр сымдарынан, зақымдалған газ құбырларынан сақтану керек.

Әрбір адам өздігінше нақты шараларды жасай білу керек, оның ішінде:

- жедел медициналық көмек, өрт сөндіру және апаттық қызметтер, жекеменшік пәтерлер кооперативі (ЖПК), ТЖ бойынша аудан бөлімінің телефондары және мекен-жайлары туралы ақпаратты;
- апат болған аймақтың ішінде, сондай-ақ апаттан соң, отбасы мен көршілердің бірге әрекеттесу жоспарын жасауда жақын таныс-туыстардың фамилияларын, мекен-жайларын, телефондарын білу, әрбір отбасы мүшесі (әсіресе балалар) үйге қайту мүмкіндігі болмаған жағдайда қайда бару керектігін білу керек.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ

ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ!

112

101

Алматы облысы ТЖД
Талдықорған қ. 8(7282) 22-15-91, 22-38-52